

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Тақырыбы: ҚР экологиялық дағдарыс және экологиялық апатты аймақтары.

Дайындаған: Жумабаева Г.Ш
Тобы: 001-02
Курс: 5

Жоспар

1. Негізгі бөлім.

Кіріспе :

1. ҚР экологиялық апат аймақтары.
2. Семей полигоны.
3. Арал теңізі.

Қорытынды .

Пайдаланылған әдебиеттер.

Экологиялық апат аймақтар

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау күрделі әрі аса өзекті мәселелердің бірі. Қазақстанның тарихи табиғи жағдайлары жағымсыз әсерлерге қарсы тұра алмады, бұл орны толмас салдарға әкеліп отыр. Тың және тыңайған жерлерді игеру, топырақтың жалпы эрозиясына әкелді, Семей полигонында ядролық қаруды сынау – табиғатты радиоактивпен ластандырды, су ресурстарын есепсіз пайдалану – Арал көлінің толық дерлік жойылуына әкелді. Қазақстанның ұлан-ғайыр аумағын қамтыған экологиялық ахуал сын сызығына жетті, бұл адам денсаулығының ғана емес, ұлттық ген қорының да бұзылуына (нашарлауына) әкелетіне сөзсіз.

Ұлттық экологиялық проблемаларға экологиялық апатты аймақтар; Каспий теңізі ресурстарын белсенді игерумен байланысты проблемалар; *тарихи ластану; трансшекаралық мәселелер; әскери ғарыштық және тәжірибелік кешендер полигондарының әсерін жатқызуға* болады.

Жергілікті экологиялық проблемаларға ауа бассейнінің ластануын, радиоактивті, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтары, табиғи және техногендік төтенше жағдайларды жатқызуға болады.

Семей ядролық полигоны

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парактардың бірі - Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі Алғашқы атомдық жарылыс дауысы 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Семей ядролық полигоны ауданында 450-ден астам жер үсті және жер асты ядролық сынақтарының өткізілуі нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға және литосфераға өте үлкен мөлшерде радиоактивті материалдар шығарылды. Тек Семейде ғана емес, соған жақын жатқан орасан үлкен аумақтар да (Павлодар, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Жезқазған облыстары және Ресей Федерациясының Алтай өлкесі) радиоактивті ластануға ұшырады. Соның нәтижесінде сол аумақтағы көптеген тірі ағзалар және тұрғын халықтар зардап шекті.






Қазіргі уақытта бұрынғы Семей полигонына шектес аудандарда (71,9 мың халқы бар 85 елді мекен) онкологиялық аурулардың және адамдар өлімінің, қан айналымы жүйесі ауруларының, жаңа туған сәбилер арасындағы кеселдердің және ерте қартаю көрінісінің жоғары деңгейі байқалуда.

Аралдың экологиялық проблемасы

Бұл проблеманың тууына себепші болған - адам әрекеті. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді (мақта, күріш) суландыруға пайдаланылып келді. Буланушылық дәрежесі жоғары болатын шөл зонасында орналасқан теңіз суының көбірек булануы оның тартылуына әкеп соқты. Қазіргі кезде Арал теңізі екі су айдынына **Үлкен** және **Кіші** теңізге бөлінген. Арал теңізіндегі суы тартылған бөліктің ауданы 30 мың км² жетеді. Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына **200 млн тоннаға дейін** тұзды шаң-тозаң ұшады.



Арал теңізінің экологиясы Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны, шөл белдеміндегі бірден-бір көгілдір су айдыны еді. Оның апатқа ұшырағанға дейінгі көлемі -1066 км², тереңдігі - 30-60 метр, тұздылығы - 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланған.



Арал өңірі
экологиялық апат
аймағында (186,3 мың
халқы бар 178 елді
мекен) әсіресе әйелдер
және балалар арасында
асқазан-ішек аурулары
мен қан аздығы,
балалардың шетінеуі
мен туа біткен
патологияның жоғары
деңгейі байқалуда.



Каспий теңізі қайраңының ресурстарын қарқынды игерумен байланысты проблемалар

Каспий теңізі бассейні мемлекеттерінің көмірсутегі ресурстарын кеңінен игеруі теңіз және жағалау маңы экожүйелеріне теріс әсер ауқымын ұлғайтады. Теңіз мәртебесінің айқындалмаған жағдайында трансшекаралық сипаттағы сыртқы экологиялық қатерлер елеулі мәнге ие болады.

Теңіздің қазақстандық секторында көмірсутегі шикізатын алдағы кезде баса игеру елдің экологиялық қауіпсіздігіне ықтимал қатер төндіреді

Каспий теңізінің қоршаған теңіз ортасын қорғау жөніндегі үлгілік конвенциясы және басымдық іс-қимылдардың өңірлік стратегиясы Каспий теңізінің коммерциялық ресурстарын пайдалану және Каспий маңы елдерінің Каспийдің экожүйесін қорғау жөніндегі алдағы іс-шараларға қатысты өзара ортақ іс-қимылы бойынша негізгі бағыттарын айқындайды.

Қорытынды

Бір кездері ядролық полигон нақ Семей жерінде неге құрылды деген сұрақтың жауабын іздегенде сол кезде бұл өңір Кеңес Одағының адам ең аз қоныстанған, сонымен бірге негізгі коммуникация жерлерінен оншалықты қашық емес деген сөздер шыққан. 1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын табу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада - Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов.

Пайдаланған әдебиеттер

- Интернет желісі
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- <http://malimetter.kz/ekologiyalyk-apat-ajmaktary/>

**Назарларыңызға
рахмет!**